

Текелі қалалық мәслихатының 2010 жылғы 20 желтоқсандағы N 27-202 "Текелі қаласының мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2011 жылғы 08 желтоқсандағы N 38-300 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Текелі қаласының Әділет басқармасында 2012 жылы 13 қаңтарда N 2-3-102 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы N 25-162 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 20.12.2013 N 25-162 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 5 шілдедегі "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңының 1-бабының 61-тармағына сәйкес, Текелі қалалық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Текелі қалалық мәслихатының "Текелі қаласының мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидасын бекіту туралы" 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 27-202 (Текелі қалалық Әділет басқармасында 2011 жылғы 27 қаңтарда 2-3-90 нөмірімен мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, 2011 жылғы 4 ақпандағы "Текелі тынысы" газетінің 4 нөмірінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) кіріспедегі "Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 7) тармақшасын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасын" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2) Текелі қаласының мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидасындағы "Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы

" Заңының 6-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Текелі қалалық мәслихатының</i>
	<i>IV шақырылымындағы кезекті</i>
<i>XL сессиясының төрайымы</i>	<i>С. Айтбаева</i>
	<i>Текелі қалалық</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Н. Калиновский</i>